



17 қараша, сейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

ФОРУМ



2 Қоғам мен мемлекет диалогы

ӘРТАРАПТАНДЫРУ



3 Кант құмайы қаншалықты тиімді?

РУХАНИЯТ



3 Кітап пен оқырман арасы

АБАЙ –175



4 Абайдың әжесі

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Қазақстан Президенті:

ҚАЗІРГІ МІНДЕТ – КАРАНТИНГЕ ЖЕТКІЗБЕЙ, ПАНДЕМИЯНЫ АУЫЗДЫҚТАУ

Мемлекет басшысы коронавирус індетінің таралуына қарсы іс-қимыл шаралары жөнінде видеоконференция режимінде кеңес өткізді.



Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде пандемия кезінде отандық дәрігерлердің тиісті тәжірибе жинағанын, бұл дерттің негізгі белгілерін айқындап, онымен күресу жолдарын үйренгенін атап өтті. Осы аралықта еліміздің денсаулық сақтау саласы біршама нығайып, жаппай тестілеу жұмысы жолға қойылды. Науқастармен байланыста болғандарды анықтау ісі жетілдірілді. Бизнес өкілдері де жана ахуалда жұмыс істеуге бейімделе бастады. Ең бастысы, азаматтарымыздың пандемияға деген көзқарасы өзгерді.

– Пандемияның екінші толқыны көптеген белгілері бойынша өзгеше болмақ және ел экономикасы үшін күрделі кезеңде өтпек. Біз мұны ескеруіміз керек. Бүгінде бүкіл әлем «ковид тендеуі» деп аталатын күрделі мәселені шешудің алдында тұр. Мұндай жағдайда тұтас бір саланың жойылып кетуі ғана емес, оның кейін білігетін салдары да оңай тиімді. Жұмыссыздық өршіп, білім беру ісіндегі олқылықтардың кесірі түрлі теріс пайғалдардың асқынуына, оның ішінде, қылмыстың өршуіне әкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан қазіргі міндет – көктемдегідей жаппай карантинге жеткізбей, пандемияны ауыздықтау, – деді Мемлекет басшысы.

Президент кейбір өңірлерде аталған дертпен ауырғандар санының артуына байланысты жүйелі шаралар бақылаудың маңыздылығына назар аударды. Мемлекет басшысы өз сөзінде індет жұқтырғандардың барынша нақты есебін алу вируспен күрестің басты талабы екенін айтты.

– Бірқатар облыстарда ко-

ронавирус індетіне қатысты жаңа жағдайларды жасыру деректері анықталды. Өңгіме Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола, Қостанай және басқа да облыстар жайында болып отыр. Өтірікті шынайы сөйлету аса қауіпті құбылыс екенін түсінуге керек. Өйткені ол шынайы қауіптің бетін бүркемелейді. Сондай-ақ бүкіл еліміз бойынша коронавирус індетіне қарсы жүргізіліп жатқан күрес стратегиясына зиянын түгізеді. Қазіргі ахуал жете бағаланбай, қабылданған шаралар толық жүзеге асырылмай отыр. Халықтың індеттен сақтану деңгейі төмендеп кеткен. Бұл – аксиома. Мұндай жағдай әлемнің көптеген елінде байқалауда. Аталған проблеманың біздің денсаулық сақтау жүйемізде де созылмалы сипат алғанын мойындауымыз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Денсаулық сақтау министрілігіне Ұлттық статистика бюросымен бірлесіп, медициналық статистиканы бағалау және талдау жөнінде кешенді жоспар әзірлеуді тапсырды. Сонымен қатар барлық денсаулық сақтау ұйымдарының толық дайын болуын қамтамасыз етуді міндеттеді. Бұл әскери медицинаға да тікелей қатысты. Себебі олар індетпен күресу үшін шұғыл күш жұмылдыруға және құралдармен жабдықтауға дайын болуы тиіс.

– Медициналық ұйымдарға жүргізілген бағалау қорытындысы олардың дайындығы деңгейінің әлі де төмен екенін көрсетті. Денсаулық сақтау нысандарының жартысынан астамында заң бұзушылықтар анықталған. Ауруханалар аймақтарға толық бөлінбеген. Нәтижесінде емделушілер мен аурухана қызметкерлерінің індет жұқтыру қаупі сақталып

отыр. Шын мәнінде, барлық өңірлерде жан сақтау бөлімшелерінің тиісті құрал-жабдыктармен толыққанды қамтамасыз етілмегені көрінді. Атап айтқанда, коронавирус індетімен қатты ауырған науқастарды емдеуге қажетті жекелеген дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың жетіспеушілігі байқалады. Өңірлер емдеу хаттамасында көрсетілген дәрі-дәрмектерді емес, өздерінің білгені бойынша препараттар сатып алуда, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету мәселесіне егжей-тегжейлі тоқталды. Ол медициналық ұйымдардың, дәріханалардың не сатып алғанын, жалпы бірыңғай дистрибьютердің қоймаларындағы дәрі-дәрмек қорын анықтауды талап етті.

Үкімет әкімдерімен бірлесіп, бекітілген емдеу нормалары мен хаттамасына сәйкес келетін дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың сатып алынуын қамтамасыз етуі керек.

– Менің тапсырмам бойынша ПТР сынамалары мен медициналық бетперделердің бағасы төмендетілді. Мұндай оң бастаманы халық бірден сезінді. Осындай жұмыстарды медициналық дәрі-дәрмектерге, ең алдымен, коронавируска қарсы медикаменттерге қатысты жүргізу қажет. Бәсекеестікті қорғау және дамыту агенттігіне Мемлекеттік кіріс комитетімен бірлесіп, аталған мәселені қарастыруды тапсырамын. Жалпы Агенттік дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың бағасын реттеу ісіне атсалысып, фармацевтикалық бизнестегі картельдерді әшкерелеуі керек, – деді Мемлекет басшысы.

Президент мемлекет тарапынан коронавирустен күреске жұмылдырылған медицина қызметкерлеріне үстемақы төлеу жалғасатынын атап өтті.

2-бет

ЖАРТЫ ҒАСЫР ЖАЛЫҚТЫРМАҒАН ФИЛЬМ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кино және театр өнерінің майталман актері, Халық артисі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімовті миллиондаған көрерменнің ықыласына бөленген «Атаманның ақыры» көркем фильмінің түсірілгеніне 50 жыл толуына орай құттықтады.

Мемлекет басшысы дарынды режиссёр Шәкен Аймановтың және үлкен шығармашылық ұжымның бірлескен күш-жігерінің арқасында өмірге келген бұл туындының отандық кино өнері саласында алатын орны айрықша екенін атап өтіп, оны детектив жанрында түсірілген алғашқы фильмнің бірі деп бағалады.

Президенттің құттықтау хатында «Атаманның ақыры» фильмі тарихи деректерге негізделген шытырман оқиғаларға толы екені, сол

заманның өскелең ұрпағын отансүйгіштікке, елді қорғау үшін жанқиярлықпен күресуге тәрбиелегені туралы айтылған. «Өзіңіз аталған кинотуындыда чекіст Қасымхан Шади-яров ролін өте ғажап сомдап шықтыңыз. Арпалысқа түскен қоғамда жауапты қызметкердің өзіне жүктелген құпия тапсырманы орындау жолындағы батырлық пен қайсарлық танытқан іс-әрекетін шынайы көрсете білдіңіз. Сізді аса көрнекті актер ретінде КСРО ғана емес, бүкіләлемдік ки-

нематография қауымдастығы мойындады. Сонымен қатар казакстандық әйгілі артистер Елубай Өмірзақов, Нұрмұхан Жантөрин және Алғынай Елеуова да өздері сомдаған ролдерін үлкен шеберлікпен орындай білді», – деп жазылған құттықтау хатта.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Халық артисіне алдағы уақытта да отандық кино мен театр өнерін және халқымыздың рухани байлығын дамыту жолына өз үлесін қосып, елдің айрықша құрметіне бөлене беруіне тілектестік білдірген.

Құттықтау соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Асанәлі Әшімовке зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасына құт-береке тіледі.

САПАР

Өңір өндірісі өркендей бермек

Облысқа жұмыс сапарымен келген Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов бірқатар өндіріс орындарында болды. Алдымен министр мен облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Шиелі ауданындағы «Гежуба Шиелі Цемент Компаниясы» ЖШС цемент зауытына барды.

Б Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Жалпы құны 64 млрд теңге, жылына 1 млн тонна тампо-нажды цемент шығаратын зауыт – аудандағы Қытай халық республикасымен бірлескен және Индустрияландыру картасына енгізілген аудандағы ірі жобалардың біріне жатады. Бүгінгі таңда компания адамдарды жұмыспен қамтып, оларды оқыту мәселесі де жолға қойылған. Біз алдымен жергілікті тұрғындарды жұмысқа орналастыру мақсатында Қытай еліндегі зауытта 100 адамды арнайы оқудан өткіздік. Бұл өз кезегінде моральдық және материалдық жағынан тиімділігін көрсетіп отыр, – дейді басқарушы

директордың орынбасары Дмитрий Пак. Сонымен қатар зауытта «Бала-Сауыскандық» кен орнындағы қара тақтатастарды автоклавты қайта өңдеу» жобасының іске асырылуы таныстырылды. Кәсіпорын 2016 жылдан бастап аммоний метаванадатын өндіріп, Ресей, Ұлыбритания секілді шет елдерге экспорттайды. Жылына 1 млн тонна кен шығаратын өндірісте 160-тан астам адам жұмыс істейді.

Министрдің жұмыс сапары Жаңақорған ауданында жалғасты. Мұнда республикаға белгілі «Шалқия Цинк LTD» АҚ орналасқан. Кәсіпорын қорғасын-мырыш кенін өндірумен айналысады. 600-ден астам адам осында тұрақты жұмыс істеп келеді. 2025 жылға дейін 4 млн тонна өнім өндіріледі деп жоспарлануда.

2-бет

Коронавирус індетіне қатысты әлемдегі ахуал алаңдатарлық. Күн өткен сайын күшіне мінген қауіпті кесел тығырыққа тіреуде.

Б Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

COVID-19: ӘЛЕМ АБЫРЖУЛЫ

Мәселен, Германияда 1 наурыздан бері миллионға жуық әуе рейсі тоқтаған. Бұл туралы Almaty.tv хабарлады.

Неміс ұстаздары одағының мәлімдеуінше, елде сондай-ақ, 300 мың оқушы мен 30 мың оқытушы карантинге оқшауланған. Мектептер біртіндеп жабылып жатыр. Көктемде 50 мың оқушы онлайн оқуға көшкен болатын.

Ал Ливанда тағы локадау енгізілді. Шектеу шарасы 14 қарашадан күшіне еніп, айдың аяғына дейін жалғасады. Осылайша билік өкілдері вирустың таралуын тоқтатып, денсаулық сақтау саласына түскен жүктемені азайтпақ.

Сонғы тәулікте Ресейде 352 адам қауіпті кеселден көз жұмған. 15 қарашадағы мәлімет бойынша Ресейдің 85 аймағында 22572 адамнан вирус анықталса, оның басым бөлігі Мәскеуде тіркелген. Осыған байланысты Мәскеу коронавирустың таралуына жол бермеу мақсатында шектеу шараларын күшейтпек. Қала мэрі індет жұқтырғандар санының өскенін, алдағы апталдарда жағдайдың одан әрі нашарлауы мүмкін екенін айтты. Жаңа шектеулер 13 қарашадан 15 қантарға дейін, екі ай мерзімге енгізілді.

Колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттері қашықтан оқуға көшеді. Оқушылардың көлік карталары уақытша бұғатталады. Мейрамхана, кафе, клубтар және басқа да ойын-сауық орындарының жұмыс уақытына шектеу қойылады.

2-бет

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ

ЖАЗДАҒЫ ЖАҒДАЙ ҚАЙТАЛАНБАСЫН ДЕСЕК...

Биылғы 10 айда Қызылорда қаласында «COVID -19» инфекциясының расталған жағдайымен 2181 науқас есепке алынды. Аурушандықтың маусымдық көрсеткіші наурызда – 5 оқиға, сәуірде – 62, мамырда – 137, маусымда – 365, шілдеде – 1157, тамызда – 292, қыркүйекте – 68, қазанда 47 болып қалыптасты.

Жоғары көрсеткіштер адам өмірінің белсенді кезеңі – жас айларында орын алды. Оған халықтың індетке бейжай қарап, көпшілік орындарға, той-томалақ өткізуі, жағажай мен қоғамдық орындарға жиі баруы адамдардың өз денсаулығына салғырттық танытып, мойынсұнбауы ықпал етті.

Қазір каламызда коронавирус инфекциясының екінші толқынына дайындық

карқынды жүргізілуде. Емдеу-сауықтыру мекемелерінде науқастарды емдейтін 1515 төсек орын дайындалды. Медицина қызметкерлері үшін жеке қорғаныс құралдарының қоры толық жасақталды.

Қала әкімдігі жанынан 4 мониторингтік топ құрылып, 269 нысан қаралып, карантин ережелері түсіндірілді. Карантин ережелерін бұзған 148 жеке адамға



әкімшілік құқық бұзушылық хаттамалары толтырылып, айыппұл салынды және 10 әкімшілік іс сотқа жолданып, шешімдері

шықты. Карантин ережелерін бұзған, той жасап, адамдардың көптеп жиналуына себеп болған 49 жеке тұлға, 38 тамақтану орны, 40 азық - түлік дүкеніне айыппұл салынды.

«COVID -19» инфекциясының болжамды екінші толқынында аурудың алдын алу мақсатында шектеу шараларын сақтау, көпшілік орындар мен қоғамдық көліктерде беттерде кию тәртібін, әлеуметтік арақашықтықты және жеке бас гигиенасын қатаң сақтау мен сапауатты өмір салтын ұстану маңызды екенін тұрғындар назарына ұсына отырып, сақтық шараларын қатаң ұстануға шақырамыз.

Гүлмира СЫДЫҚОВА, Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының міндетін атқарушы

ТЕГІС ЖОЛҒА НЕ ЖЕТСІН?!

Қызылордаға алғашқы қар жауып, кәрі құда – қыстың жақындағаны сезілді. Ақ ұлпа қар көңілге қуаныш сыйлағанымен, жол тайғақтатығы жолаушыларға қиындық әкелетіні белгілі. Сондықтан қала көшелері күн мен түнге қарамастан қардан дереу тазартыла бастады. Бұл жұмысқа «Қызылорда тазалығы» ЖШС-ның 90-нан астам қызметкері, 12 техника жұмылдырылды.

Б АйдаНА ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Көше демекші, биыл облыс орталығында жол құрылысының қарқыны тіпті бөлек. Шет аймақтардың өзінде шынайы тірлік ағасып жатыр.

Өткен аптада қаланың шет аймақтарындағы көшелерге барып, жол жөндеу жұмыстарымен танысқан болатынбыз. Жолдың жайын жүрген біледі. Көше болғалы асфальт көрмеген жолдардың жағдайы күз бен көктемде тіпті

қиын. Мұндай көшелердің көбі түнде жарқырап та тұрмайтындықтан, жанбыр мен қар жауғанда балшық басып, тайғанактамай жүру мүмкін емес. Сондықтан шет аймақтардағы жолдың жағдайы тілге жиі тиек болатын. Биыл әл Фараби, КБИ сынды шағын аудандардағы бірнеше көше тактайдай тегістеліп, асфальт төсеу жұмыстары басталып, осы қуанышты көп күткен ел бір-біріне оң болсын айтуда.

2-бет



ҚАЗІРГІ МІНДЕТ — КАРАНТИНГЕ ЖЕТКІЗБЕЙ, ПАНДЕМИЯНЫ АУЫЗДЫҚТАУ

Сонымен қатар Мемлекет басшысы санитарлық талаптар мен шектеу шараларының сақталуына компания басшыларының және бизнес иелерінің жауапты екенін еске салды. Соңғы уақытта ірі кәсіпорындардағы еңбек ұжымдарында вирус жұқтырғандардың саны арта бастады. Қоғамдық көліктердегі санитарлық жағдай және азаматтар көп шоғырланатын орындарда әлеуметтік қашықтықтың сақталмауы алаңдаушылық туғыруда.

Ата-аналар шыдамдылық танытып, қазіргі ахуалға түсі-

ністікпен қарауы керек. Осындай жағдай тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде қалыптасып отыр. Біз білім сапасының төмендеуіне жол бермеуіміз қажет. Оқыту нәтижесіне мониторинг жүргізіп, білім саласындағы олқылықтарды жою үшін уақытты шаралар қабылдау керек. Үкіметке өңір әкімдерімен бірлесіп, шектеу шараларына қарамастан, білім сапасын бақылауды күшейтуді тапсырамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы медицина қызметкерлерін қажетті көлемдегі қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуді тапсырды. Бұл үшін Үкімет отан-

дық беттерделер мен басқа да жеке қорғаныш құралдарын өндірушілерді кепілді көлемдегі шикізатпен қамтамасыз етудің тетігін әзірлеуі тиіс. Пандемияға қарсы барлық шаралар мейлінше ашық болуы қажет.

— Үкімет жемқорлыққа жол берілуді мүмкін барлық учаскелерді қатаң бақылауға алуы тиіс. Пандемияның бірінші толқыны кезінде жемқорлықпен бетпе-бет келдік. Бұл — медициналық беттерделер мен дәрі-дәрмек бағасын арттыру, бақылау-өткізу пункттеріндегі құқық бұзушылықтар, медицина қызметкерлеріне төлем тағайындау кезіндегі жемқорлық. Бақылаушы орган-

дардың, яғни, полиция қызметкерлерінің, әкімдіктер мен мониторинг өткізетін топтардың жұмыс сапасына ерекше назар аудару қажет. Пандемия кезінде оларға бизнес пен азаматтарды тексеруге зор, яғни, төтенше өкілеттіктер берілді деуге болады. Бұл өзін-өзі ақталы. Мұндай өкілеттіктерді дұрыс қолданған жөн, оны асыра пайдалануға болмайды. «Кімді және қашан тексеретінімді өзім білемін» деген қағидаға жол берілмесін, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев кез келген киындықтар мен дағдарыстар жана мүмкіндіктерге жол ашатынын тағы да атап өтті. Айтарлықтай жетістіктеріміз

де бар. Мәселен, екі бірдей отандық вакцина келешегі зор әлемдік биоқұралдардың қатарына енгізіліп, қазіргі уақытта оларға клиникалық зерттеулер жүргізілуде.

— Үкіметтің алдында тұрған үлкен міндет — отандық вакцинаны ешбір кедергісіз өндіріске енгізу. Уақытша тіркеу тәртібін жеңілдетіп, вакцинаның тәжірибелік-өнеркәсіп және өнеркәсіп өндірісіне арналған зауыт құрылысын аяқтау қажет. Мен Ресей Президентімен ресейлік вакцина өндірісі зауытының құрылысы бойынша келісімге келдім. Үкімет осы қажетті жобаға инвестиция тарту бойынша келіссөздерді

бастап та кетті. Биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің барлық бағыттары бойынша жұмысты жалғастыру маңызды. Мұндай шараларды дамыған мемлекеттердің бәрі қабылдап жатыр. Парламенттің осы сессиядағы жұмысы аяқталғанға дейін депутаттардың қарауына Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі заң жобасын енгізу керек, — деді Мемлекет басшысы.

Сөз соңында Президент барша азаматтарды тәртіпті қатаң сақтауға, уақытша шектеу шараларына түсіністік танытуға шақырды. Ең алдымен, бұл барша қазақстандықтардың денсаулығы үшін қажет. Мемлекет басшысы дәрігерлерге, по-

лиция қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге және пандемиямен күресте алдыңғы шепте жүрген барша азаматтарға ризашылығын білдірді. Сондай-ақ кеңесте Премьер-Министр Аскар Мамин, Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев, Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Күнсұлу Закарья, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметов, Қостанай облысының әкімі Архимед Мұхамбетов және Павлодар облысының әкімі Әбілқайыр Ысқақов сөз сөйледі.

Өңір өндірісі өркендей бермек



Сонымен қатар, министр Б.Атамқұлов пен облыс әкімі Г.Әбілқалықова Қызылорда қаласында орналасқан «OrdaGlass LTD» ЖШС шыны зауытының іске қосылатын төрт кешенінің құрылыс барысымен танысты.

Бұған дейін айтып жүргеніміздей, зауыт құрылысы 2015 жылы басталды. Ал іске қосылса, тәулігіне 600 тонна немесе жылына 200 мың тоннаға жуық табақ шыны өнімін шығарады деп жоспарланған. Жалпы ауданы 500 мың шаршы метрді құрайтын зауыттың іске қосылуына аз қалған сияқты. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстарының 70 процентке жуығы біткен.

Шыны зауытынан бөлек, министрге стейд арқылы «Арал Сода» ЖШС жұмыс жобасы таныстырылды. Аталған зауыт Арал ауданында орналаспақ. Құрылысы алдағы көктемде басталатын өндіріс орны жылына 300 мың тонна құрайтын калцийлендірілген сода шығаратын болады.

— Қазір өңірде химиялық кластерді қалыптыңдырылған сода өндіретін зауыттың айналасында құру көзделуде. Ас содасын, жуу құралдарын, еріткіштерді, химикаттарды және басқа да өнімдерді шығару басты жоспарда тұр. Зауыт бойынша жоба-сметалық құжаттын мемлекеттік сараптамадан өткізу жұмысы аяқталды. Құрылыс 3 жылға

жоспарланып отыр, оған 2000 адам тартылады. 2024 жылы құрылыс аяқталған соң 1000-нан аса адам, оның 700-і зауытта, 500-ден астамы сервистік компанияларды тұрақты жұмыспен қамтымақ. Зауыттың өнімділік қуаты 300 мың тонна, Қытайға, Ресейге экспорт қарастырылған, — дейді «Арал Сода» ЖШС бас директоры Санжар Оспанқұлов.

Сапар соңында облыс орталығының сол жағалауында орналасқан жана көпір мен «Рухани жаңғыру» орталығы назарға ұсынылды. Орталықта жана қаланы игеру жобасы, мемлекеттік бағдарламалар аясында жол көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша атқарылып жатқан және

орталықтандырылған жылу жүйелерінің жұмыстары таныстырылды. Сапар қорытындысында министр Б.Атамқұлов кейбір көтерілген мәселелер бойынша министрлік тарапынан қолдау көрсетілетінін айтты.

Жалпы дарияның сол жағалауындағы жана қала 1532 гектар жерді алып жатыр. Оның ішінде 537 гектар тұрғын үй құрылысына арналған. Мұнда 3 млн шаршы метрден астам тұрғын үй болады деп жоспарланған. Оның ішінде 1 млн шаршы метр тұрғын үй 2025 жылға дейін пайдалануға беріледі. Соның нәтижесінде 50 мыңға жуық адам жана пәтерге қол жеткізбек. Ал жоба толық іске асса 155 мыңнан астам тұрғын баспаналы болады. Жана қалада 16 мектеп, 12 балабақша, 4 денсаулық сақтау мекемесі, сондай-ақ спорттық және әлеуметтік-мәдени ғимараттар салу да жоспарланған.

Қазір аймақта сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үйлердің құрылысына бөлінген қаржыға 815 пәтерді құрайтын 20 тұрғын үй салынып жатыр. Олар Қызылорда қаласында 725 пәтерді құрайтын 15 тұрғын үй және Шиелі ауданында 90 пәтерді құрайтын 5 үй. Бұған қоса кредиттік тұрғын үйлер бойынша барлығы 755 пәтерді құрайтын 68, жеке коммерциялық құрылыс салушылар есебінен барлығы 376 пәтерді құрайтын 10 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде.

Суретті түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ.

КЕЗЕКТЕН ТЫС КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Қызылордада «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының кезектен тыс XXVII конференциясы өтті. 120-дан астам партияластар бас қосқан жиында партияның Қызылорда облысы бойынша сайлауды бағдарламасы мен облыстық мәслихат депутаттығына үміткерлердің партиялық тізімі бекітілді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне үміткерлер арасында пікірсайыс ұйымдастырылып, қатысушы делегаттар таңдау жасады. Облыстық филиалдың Саяси кеңес құрамына өзгерістер енгізіліп, өңірден партияның XX съезіне қатысатын 20 делегат сайланды.

Жиынға төрағалық еткен облыстық партия филиалының төрағасы, облыс әкімі Гүлшара Әбілқалықова күн тәртібіне сәйкес, бірінші болып бекітілген сайлауалды бағдарламаның маңыздылығын атап өтті. 7 негізгі бағытты қамтыған сайлауалды бағдарлама — партия қызметінің алдағы мақсат-міндеттерін белгілеп, олардан күтілетін нәтижені айқындайтын құжат. Бағдарлама жобасы праймериз кезінде ресми сайтта жарияланып, бір жарым ай көлемінде ашық талқыланды. Талқылау барысында тұрғындардан мынаға жуық ұсыныстар түсіп, олардың 83 проценті бағдарламаға енгізілді, — деді Гүлшара Әбілқалықова.

Жиында ең жоғары рейтингісі бар праймеризге қатысушылар қатарынан Қызылорда облыстық мәслихатына 53 кандидаттан тұратын партиялық тізім түзілді. Ондағы әйел азаматтардың саны 3 есе артады. 35 жасқа дейінгі жастардың үлесі 0-ден 15 процентке жетіп отыр. Үміткерлердің орташа



жасы 8 жасқа төмендеген. Ал кезектегі депутаттардың 12-сі ғана жана тізімге енгізілген.

Конференция барысында Мәжілістегі партиялық тізімге үміткерлер арасында пікірсайыс өтті. 11 үміткердің ішінен «Праймериз» ақпараттық жүйесі арқылы өңірдің өкілдік квотасына сәйкес 3 үміткерді таңдалды.

Көп дауыс жинағандар қатарында қызметтегі ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Байайым Көсебаева, «Байқоңыр» ӘКҚ» АҚ-ның тәуелсіз директоры Ғалым Әміреєв, «ҚазПочта» АҚ Қызылорда облыстық

филиалының директоры Аида Әбибуллаева бар.

Олар конференция шешімімен Мәжілістің партиялық тізіміне енгізілуі үшін сөзге ұсынылатын болды.

Жиын соңында басқа жұмысқа ауысуына байланысты «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалы Саяси кеңес құрамынан Ақмарал Әліназарова, Сұлтан Мақашов және Талғат Тілес шығарылып, «Nur Otan» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ләйла Төреєнова, «Nur Otan» партиясы Сырдария аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі Талғат Дүйсебаев және «Ая Отап» Жастар қанаты Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Өлмешер Қарашов енгізілді.

Конференция жұмысына Арал, Қазалы және Жаңақорған аудандық филиалдарынан сайланған делегаттар бейнебайланыс жүйесі арқылы қатысты.

«СБ» ақпарат

● АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ АЙНАСЫ

ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТ ДИАЛОГЫ

Халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға азаматтық қоғам өкілдерінің қатысуы қашанда маңызды. Облыста үкіметтік емес ұйымдар саны жылдан жылға көбейіп, азаматтық белсенділік деңгейі артып келеді. «Қоғам және мемлекет: серіктестік пен дамудың 30 жылы «Bigemitz» атты ІХ облыстық Азаматтық форумның алғашқы күнінде саладағы маңызды қадамдар мен жетістіктер талқыланды. Аукымды шараға облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет қатысты.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».

Форумда өңірлік сараптамалық диалог алаңдары ұйымдастырылып, өзекті проблемаларды шешуге азаматтық сектордың ықпал етуі, ҰЕҰ-дың бәсекеге қабілеттілігін дамыту мәселелері айтылды.

Өткен жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы аймақта 165 әлеуметтік жоба жүзеге асырылса, биыл 154 әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда. Жуырда облыстық ішкі саясат басқармасы әлеуметтік жобалар жәрмеңкесін ұйымдастырды. Аталған шараның ауқымы кең, маңызы жоғары.

— Әлеуметтік жобалар жәрмеңкесі өңірдегі ҰЕҰ арасындағы бәсекешестікті арттырып, алдағы жылы жүзеге асырылатын әлеуметтік жобалардың тақырыптарын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылды. Осы жәрмеңкеде Сыр өңіріндегі азаматтық қоғамның потенциалын көрдік. Мұндай шаралардың өңірдегі азаматтық қоғам өкілдерінің белсенділігін арттырып, қоғамдық институттарды дамытуға маңызды өте зор. Сондықтан бұл бағыттағы шаралар алдағы уақытта да ассоциациямен бірлесіп тұрақты түрде ұйымдастырылатын болады.

Облыстағы ҰЕҰ саны жылдан жылға көбейіп келеді. Бұл да қоғамдағы азаматтық жауапкершілік пен



Шараға Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Азаматтық қоғам істері комитеті төрағасының орынбасары Нұрбол Серікбеков онлайн қатысып, биыл азаматтық сектор саласында біршама жетістіктер барын атап өтті.

— Осы саладағы басты стратегиялық құжат — елдегі үкіметтік емес секторды дамытудың жана векторын қамтитын 2020-2030 жылдарға арналған азаматтық қоғамды дамыту концепциясы қабылданды. Қазіргі уақытта концепцияны жүзеге асыру үшін іс-шаралар жоспары әзірленуде, — деді Н.Серікбеков.

Сондай-ақ, ҚР Президенті жанынан құрылған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі шын мәнінде жоғары деңгейдегі диалог алаңына айналғанын жеткізді.

Нұрбол Серікбекулы ҰЕҰ-лар мемлекеттік тапсырыс арқылы қаржылай қолдау ие болатынын, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберіндегі жобалар биыл 4,4 процентке артқанын атап өтті. ҰЕҰ-лар сапалық әрі сандық жағынан да өсіп келеді. Қазір елімізде 22 мыңнан астам ҰЕҰ тіркелсе, оның 16 мыңы белсенді ұйымдар қатарына кіреді.

Форумға ҚР Азаматтық Альянсының президенті Бану Нұрғазиева онлайн қатысып, Сыр еліне сапар барысы тура-

лы сөз қозғап, ҰЕҰ өкілдерімен кездесіп, маңызды жұмыстармен танысқанын атап өтті.

Биыл облыста ҰЕҰ жұмысы серпінді дамуда. «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» ЗТБ-ның төрайымы Анар Ізденнің айтуынша, әр ауданда альянстың өкілдері ашылған. Өкілдіктер бүгінде жергілікті мемлекеттік органдармен тығыз жұмыс істеуде. Олардың басты миссиясы — қоғамдық бақылау механизмдерін орнату.

Шарада Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры, филология ғылымдарының кандидаты Бейбітқұл Қаримова, облыстық мәслихат депутаты Ибадулла Құттықожаяев, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы, айтыскер акын Мұхтар Ниязов облыстағы ҰЕҰ жұмысы, маңызы туралы сөз қозғайды.

Форумның алғашқы күні мұнан бөлек, «Азаматтық бақылау: мәселелер мен болашағы», «ҰЕҰ бәсекеге қабілеттілігін дамыту. Қоғам мен мемлекет диалогы» тақырыбында сессиялар өтті.

Айта кету керек, бес күнге жоспарланған форум Азаматтық қоғам апталығы форматында өткізілуде.

COVID-19: ӘЛЕМ АБЫРЖУЛЫ

Италияда тәулігіне індет жұқтырғандар саны 41 мыңға артты деп хабарлайды ВАQ. KZ. 15 қарашадағы мәлімет бойынша бір тәулікте індет жұқтырған 550 науқас қайтыс болған. Кампания және Тоскана «қызыл аймаққа» енді. Елде «қызыл сары аймақтардың» қатары да кеңейіп келеді.

Испанияда бір тәулікте ауру жұқтырған 21 мыңнан астам адам анықталған. Сырқаттану көрсеткіші 100 мың тұрғынға шаққанда 498 жағдайды құрады. Бұл — көрсеткіш шектеу енгізілген шекті саны.

Ұлыбритания ауруханаларында коронавирус жұқтырған 15 мыңға жуық науқас емделуде. Вирустың таралу жылдамдығы бәсеңдегеніне қарамастан мамандар шектеулерді жеңілдетуге асықпайды. Себебі шектеулерді жеңілдету бұл үрдіске теріс әсер етуі мүмкін деп есептейді олар.

Австрияда қайтадан ұлттық карантин енгізілді. Сейсенбіден бастап далаға тек орынды себептермен шығу мүмкін болады. Мектептер қашықтан оқып, қызмет көрсету орындары мен дүкендердің көпшілігі жабылады.

Ал елімізде ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, қазіргі уақытта коронавирустың инфекциядан 9162 адам ем қабылдауды жалғастыруда. Олардың арасында 458 бала бар. Жалпы науқастардың арасында 217 адамның жағдайы нашар. 23 науқас өкпені жасанды желдету аппаратында жатыр.

1-бет

ТЕГІС ЖОЛҒА НЕ ЖЕТСІН?!

Биыл қала бойынша 200-ден астам көшеге жол жөндеу және 68 көшенің жаяу жүргіншілер жолына жөндеу жұмыстары жоспарланған. Бұл көрсеткіш бытырғыдан әлдеқайда жоғары. Мұның барлығы жөндеу көрмеген нысандардың жаңғыртылып, ауыл-аймақтың абадануына ықпал еткен «Жұмыспен қамту жол картасы — 2020» бағдарламасы аясында атқарылуда. Сондай-ақ, қалалық бюджеттен 36 көшені жөндеуге қаржы қаралған.

Зейнеткер Мұхтар Қалекеев әл Фараби ауданындағы Көктем көшесіне 2000 жылдары көшіп келді. Алғашында бұл маңда су жүргізілмеген, жарық та жоқ болса, бертін келе бәрі дұрысталды. Бірақ жиырма жылдан бергі басты мәселенің бірі жолдың жағдайы болатын.

— Балалар күз-көктемнің кезінде балшықтан жүре алмай, мектепке қатынауға қиналатын. Содан үнемі өзін апарып, алып кайтамын. Енді бәрі артта қалды, — деді М.Қалекеев.

Ұзындығы 2 шақырым болатын бұл көшеге қазір асфальт төсеуге дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мердігер мекеме «Қызылорда жолдары» ЖШС бұл көшеге Самал көшесінен қанала дейін орташа жөндеу жұмыстарын осы айдың соңына дейін бітірмек.

Әл Фараби ауданындағы жолы мүлде жөндеу көрмеген көшенің бірі — Өшірбеков көшесі болатын. Осы жерде он жылдан бері тұратын Бердияр Мыңбаев «ауа райы қолайсыз уақытта, әсіресе, балалар мен қарттардың жаяу жүруі қиында соғатын» дейді. Қазір жол бойындағы жұмыс қызу. Енді ұзындығы 3,5 шақырым болатын Өшірбеков көшесіне Сағымбаевтан әл Фараби көшесіне дейін орташа жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

КБІ шағын ауданындағы 30

жылға жуық жөндеу көрмеген Наурыз көшесі де биыл асфальтталды.

— Қазір жол Торайғыров көшесіне дейін тақтайдай тегіс. Асфальт төселгені, көшенің көркі кіріп, үйлер де еңселене түсті. Осы мәселеге биыл мен берілгеніне қатты қуандық. Ал, арғы бөлігі алдағы уақытта жасалатын болар, — деді көше тұрғыны Дәулет Дюсенов.

Қала әкімдігі ұйымдастырған баспасөз турында Абай және Жақаев көшелеріндегі асфальт төсеу жұмыстарын да көрдік. Жол жөндеу бірнеше кезеңнен тұратынын ескерсек, мұндағы шаруа да мәресіне жетуге жақын-даған.

Қала орталығындағы жолдардың сапасы мен көшенің абадануына, жаяу жүргіншілер жолының салынуы көптің көптігінен шығып жүр. Мәселе көтерген өтініштер де тиісті мекемеге келіп түсеуде. Бірақ, ескеретін жағдай жолдың бәрін бірден асфальттау мүмкін емес, кезек-кезеңімен ғана жүзеге асады.

— Жол жөндеу жұмыстары қала орталығында ғана емес, шет аймақтарда да жүргізілуде. Тұрғындардың өтінішін ескере отырып, әл Фараби ауданындағы Көктем, Самал, А.Төлебаев көшелеріне асфальт төселеуде. Бытыр қала бойынша 30-ға жуық көшеге асфальт жүргізілсе, биыл 200-ден астам көше қамтылды. КБІ, әл Фараби, Титов тұрғын аудандарындағы 50 көшеге тас төсеу жұмыстары да жүргізілуде, — деді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолдар-шылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Біржан Далабаев.

Қазіргідей заманда жолдың тегіс болғанына не жетсін. Жалпы тұлғалардың айтуынша, жол картасы аясында бұл жұмыстар келер жылы да жалғасын табады.

1-бет

● БРИФИНГ

ӘДЕП КЕҢЕСІ –
ӘДІЛЕТ ТАРАЗЫСЫ

Кемшілікті түзеп, олқылықтардың орнын толтыруға мүмкіндік беретін Әдеп кеңесінің 11 отырысы өтіп, 50-ге жуық мәселе қаралған. Оны ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысы Рафкат Бисенов өңірлік коммуникациялар қызметінде тарқатып айтты және мұнан өзге де мәселелерге тоқталды.



– Мемлекеттік қызмет жауапсыздықты көтермейді. Бұл мәселе қатан бақылауда. Бүгінде кеңес шешімімен 19 қызметші әртүрлі жауапкершілікке тартылған. Оның ішінде әдепке қайшы әрекеті үшін 11, мемлекеттік қызметке кір келтіретін теріс қылығы үшін 8 мемлекеттік қызметші тәртіптік жазға тартылды. Департаментке берілген өкілеттілік шеңбері ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 99-бабы 1-бөлігімен, 465, 462-баптарымен барлығы 26 әкімшілік іс қозғалып, мемлекет пайдасына 705817 теңге өндірілді. Осындай шаралардан кейін мемлекеттік қызметші заңнан айналып өтпесе дейміз, – деді департамент басшысы.

Сондай-ақ, спикер өңірде «Болашақ» бағдарламасы мен ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы түлектерінің арнайы пулы құрылғанын тағы бір еске салды. Түлектер пулы шетелде және академияда

алған білімі мен тәжірибесін облыстағы мемлекеттік қызметшілерге үйретеді, шеберлік сабақтары академияның облыстық филиалы базасында жүзеге асырылады. Бір сөзбен айтқанда, «Өзгерістер агенті» деген атауға не болатын түлектер енді жаңа формациядағы мемлекеттік қызметшілерді дайындауға күш салмақ. Бұдан бөлек, департамент Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетімен ынтымақтастық аясында мемлекеттік қызметке кадрларды дайындау сапасын көтеру, кадр әлеуетін пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында «Мемлекеттік қызмет мектебі» жобасын жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

КӨМІР ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жаңабаев пен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚӨФ өндірістік техникалық бөлім бастығының орынбасары Ислам Бектурғанов хабарлады.

Жылу беру маусымы 10 қазаннан басталды. Содан бері облыс бойынша 1185 әлеуметтік нысанға және орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған 784 көпқабатты тұрғын үйге жылу тұрақты берілуде.

– Отын қорын жинақтау бойынша жылу маусымына жергілікті тұрғындарға 163,6 мың тонна көмір қажет. Қазір соның 161,2 мың тоннасы жеткізіліп, тұрғындардың 99 проценті көмірмен қамтылып отыр. Оның ішінде Арал ауданы 95 %, Сырдария 90%, Жаңақорған 98%, Қызылорда қаласы мен басқа аудандар 100%-ке толығымен қамтылды. Көмір бағасының өсуіне жол бермеу мақсатында өндірісші кәсіпорындармен тікелей келісім-шарт жасау арқылы жұмыстар атқарылуда. Жалпы жылу маусымының тұрақты өтуі

облыстық штабтың бақылауында, – деді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жаңабаев.

Қыс айларында газдан улану жағдайлары орын алып жатады. Осыған сәйкес «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚӨФ өндірістік техникалық бөлім бастығының орынбасары Ислам Бектурғанов тұрғындарға газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге арналған шарттардың болуы, түтін және желдеткіш арналарын арнайы мезгілді тексеруден өткізіп және тазалауды жүргізіп жарамдылық туралы растау актілерін алуға, қауіпсіздік мақсатында метан мен СО улы газына газдану сигнализаторын орнатуға кеңес берді.

БӘРІ ДЕ АДАМНЫҢ
АМАНДЫҒЫ ҮШІН

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Әлиевтің, облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Бағдат Данилов пен облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі Шамшидин Әмитовтің қатысуымен брифинг өтті. Онда жолдағы қауіпсіздік шаралары, төтенше жағдайдың алдын алу, су тасқынына қарсы жұмыстар туралы мәселелер көтерілді.

Бүгінде аймақта қримиогендік ахуал тұрақты. Осы жылдың 10 айында 1203 ұрлық тіркеліп, оның 44-і ашылған. Ашылмай қалған қылмыстар бойынша жедел іздестіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл санаттағы қылмыстардың орын алуының басты себебі – тұрғындардың мүлтіктерін қараусыз қалдыруы болып отыр.

– Қазіргі таңда адамдарды алдап, сенімге кіріп, алаяқтықпен айналысқан қылмыскерлер көбейеде. 10 айда 511 алаяқтық тіркелді. Қылмыскерлер пәтер, жер учаскесін, жеңілдетілген несие алып беремін, жұмысқа орналастыруға көмектесемін деген желеумен жәбірленушіден ақша немденіп отырған. Соңғы кезде аталған қылмыстардың көбі интернет арқылы

жасалуда. Сондықтан тұрғындардан бейтаныс, толық-білмейтін, жеңіл табыс табуға уәде берген адамдарға сенбеуді сұраймыз, – деді полиция полковнигі.

Ал облыстық төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Бағдат Даниловтың айтуынша, Сырдария өзенімен жоғарыдан келген суды облыс аумағынан қауіпсіз өткізу мақсатында «Қазгидромет» РМҚ және «Қазсушар» РМҚ облыс бойынша филиалдарынан өзіндегі судың деңгейі мен ауа райы туралы күнделікті ақпараттар алынып, мониторинг жұмыстары жүргізілуде. Жалпы аймақта қысқы-көктемгі су тасқынына қарсы тыңғылықты жұмыстар атқарылуда.

«СБ» ақпарат

● ӘРТАРАПТАНДЫРУ

Қант құмайы қаншалықты тиімді?

Кейінгі жылдары өңірде су тапшылығы мәселесі өткір күйінде қалып отыр. Дикандар дария деңгейіне алаңдайтын болды. Дәл осындай жағдайы елдегілер биыл да бастан өткізді. Ал күріш – ала жаздай табаны судан босамайтын дақыл. Жергілікті ғалымдар облыстың аграрлық саласын әртараптандыру бағытында тың жобаларды қолға алу жөнінде ұсыныс білдіріп келеді. Осы бағытта суды аз қажет ететін дақылдар таңдалды. Солардың бірі – қант құмайы. Ғалымдар қант құмайының тиімділігіне неліктен назар аударып отыр?

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ғалымдары кейінгі кездері оны тәжірибелік негізде сынақтан өткізді. Өнім деңгейі көңіл көншітерлік.

– Қант құмайы біздің өңірге өте қолайлы. Олар топырақтағы тұздарды өзіне сіңіреді, тамыры жерде қара шірік болып қалады, азоттандырады. Келесі жылы ол өскен кезде балауса күйінде орып, жермен қоса жыртып тастаған жағдайда биоорганика болады. Қант құмайы – жүгері секілді өсетін дақыл. Әлемде одан 50-ге жуық өнім алуға болатыны дәлелденген. Биозанол, спирт, қант шырынын алуға және одан қалған қалдықтан мал азығындық өнім өндіруге мүмкіндік бар. Балауса күйінде жем-шөп есебінде пайдалана аласыз, – деді институт директоры Бақытжан Дүйсембеков.

Оның айтуынша, қант құмайы – негізінен Африкада өсетін дақыл, суга оншалықты тәуелді емес. Тіпті, су тапшылығы болған уақытта да ол жасыл күйінде тұра береді, ылғалдығын сақтайды. Содан кейін су берсең, қайтадан көктеп, жапырағын жая түседі. Мұндай жағдайда жүгері сарғайып, қурай бастайтыны белгілі. Оны өндіріске пайдаланған жағдайда екі-үш жылда өз шығынын толық ақтайды.

Әлемде одан өндірілген 1 келі шыршын 4 АҚШ долларына жуықтайды екен. Есепке салып қарасақ, бір шаруашылық 150 гектарға қант құмайын егіп, одан түрлі өнімдер



алса, табысқа кенеледі. Сондықтан әртараптандыру бағытында осындай тиімді дақылдарды қолға алу мәселесін ойлауымыз керек. Ауыспалы егісте біз де күріштен кейін жоңышқаны пайдаланамыз. Жоңышқадан кейін үш-төрт жылдан соң күріш қайта егіледі.

– Бұл дақылдың тиімділігіне көз жеткізіп отырмыз. Өрине, қант құмайын өсіруге әзірге бізде тәжірибе жетіспейтін шығар. Десе де, уақыт өте келе бұл кәсіптің де қыр-сырын меңгеру қиынға соға қоймайды. Рас, әрбір дақылдан жоғары өнім алу үшін оған алдымен техника қажет. Өкінішке орай, биыл біздің қолымызда ондай дүниелер болған жоқ.

Соған қарамастан жиналған өнім көңілден шықты. Келешекте қант құмайына жергілікті еңбекшілер тарапынан сұраныс арта түседі деген сенімдеміз, – дейді институт директоры.

Жергілікті ғалымдар бұл дақылдың өнімділік деңгейі жоғары болатынына көз жеткізді. Одан бір жылда үш мәрте өнім жинауға мүмкіндік бар. Оған қоса тұзға төзімді, шөлге де шыдай береді. Қызылордалық мамандар биыл

радиоактивті залалданған аймақтың топырағында еккен. Сол аумақта жүгері де өсірілген. Жиналған өнімдер сиырларға берілген. Сонда қант құмайымен азықтанған сиыр сүті сапалы шыққан. Тағы бір ерекшелігі, қант құмайы ас қорыту жүйесіне өте пайдалы, – дейді Б.Дүйсембеков.

Биыл институт ғалымдары Қарауылтөбеге сынақ алаңында 70 гектарға екті. Оған арнайы аймақтар таңдалған жоқ. Соңғы 2-3 жылда ешқандай дақыл егілмеген аумақтағы биік жерлерге себілген дән көп ұзамай-ақ бойын тіктеп кетті. Шығымдылығы да ойдағыдай болды.

– Қажетті техниканың жоқтығына қарамай, барлық мүмкіндікті пайдаландық. Рас, оның өнімділікке кері әсері болуы мүмкін. Бірақ, аталған дақылдың жергілікті топыраққа бейімділігін байқау мақсатында назар аудардық. Институт базасында әртарап-тандыру бағытында жобаларға арналған техникалар жетіспейді. Сондықтан қант құмайын егу барысында жоңышқа себуге арналған дән сепкішті көдеге қараттық. Оны 30 сантиметр арақашықтықта орналастыруға нәтиже болатын. Өнім өз деңгейінде шығуы үшін дақылдың бабы жасалып тұруы тиіс. Тиісті технологияның жоқтығы қолымызды байлады. Оны жинау кезінде де осындай жағдай алдымыздан кездесті. Сол уақытта «Қазаромашхолдинг» мекемесінен 2 комбайн бізге тәжірибелік сынақтан өткізуге келген болатын. Дақылды озу барысында соны пайдалануға назар аударылды. Біз 50 тоннаға жуық элита тұқымын қамбаға жинап алдық. Ол 3 мың гектарға жуық алқапқа егуге жетеді, – деді институт директоры.

Егініштердің алдында әртарап-тандыру мәселесі тұр. Бұл орайда жергілікті ғалымдардың зерттеуіне сүйені отырып, нәтижелі іс жасауға әбден болады. Ал институт ғалымдары сала өкілдерімен жүйелі жұмыс жүргізуге ықыласты.

Тәртіпте тегеурін,
істе ілгерілік керек

Жемқорлық пен оған жағдай тудыратын әрекеттерді болдырмау мемлекетіміздің басты ұстанымдарының бірінен саналады. Бұл бағыттағы тегеурінді тәртіпке негізделген шаралар әр мекеменің басты міндетіне айналған. Облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасында өткен жиынның негізгі тақырыбы да осы төңіректе болды.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Бұл бағыттағы іс-қимыл басқарманың бөлім басшысы Е.Сомтемировтің хабарламасында жан-жақты айтылды. Бірінші кезекте басқармада сыбайлас жемқорлық көріністеріне «мүлдем тәзбеушілік» қағидатын қағидастыру үшін осы сипаттағы әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтыратын Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі мен Қылмыстық кодексінің нормаларын түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Осы орайда биылғы жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ахуалы бойынша 6 рет мәжілісте талқыланып, оны түбегейлі жоюға бағытталған қосымша шаралар қабылданған. Бұған қоса, қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттерден сақтандыру, алдын алу мақсатында олардың кәсіби біліктілігін мен құқықтық деңгейін арттыру жұмыстары да қолға алынған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл бағытында халықпен келісі байланыс орнату жұмыстары жолға қойылып, басқармаға келуге ниет білдірген азаматтарды жеке қабылдау тұрақты негізде ұйымдастырылып келеді. Өз кезегінде басқарма басшысы М.Молдабаев күн тәртібінен бөлек 2020 жылғы 7 қазан күні Мемлекет басшысы қабылдаған заңның үзінділеріне тоқталып өтті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойғандығын және Заң Мемлекет басшысының жедел-іздестіру қызметін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдардың арандатушылық әрекеттері үшін қатаң жауапкершілік белгілеу туралы тапсырмасын іске асыруға бағытталғанын хабарлады.

Заңда мемлекеттік қызметшілер

мен олардың отбасы мүшелеріне сыйға тартушының пайдасына жасаған әрекеттері үшін сыйлықтарға, материалдық сыйақыға және қызмет көрсетуге толық тыйым салынған. Сондай-ақ, заңда туыстардың бір ұйымдағы бірлескен жұмысының жекелеген мәселелерін реттеуге, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлар етуге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлерінің тұрғын үй төлемдеріне, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде компанс-қызметтер құруға және басқармаға бағытталған нормалар да көзделгенін хабарлап, басқарма қызметкерлерінен жұмыстарын адал атқаруға сыбайлас жемқорлық туғызатын жағдайларға жол бермеуге және жанадан қабылданған заңнама талаптарының қатаң сақталуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Бөлім басшысының хабарламасынан соң басқарма басшысы саладағы бақылауды одан әрі күшейтіп, заң бұзушылықтарға жол бермеу үшін хаттамалық тапсырмалар жүктелді.

Сонымен бірге, басқарма басшысының орынбасарлары мен бөлім басшыларынан қарамағындағы қызметкерлерге қатысты сыбайлас жемқорлық фактілері орын алған жағдайда тікелей жауапкершілігі қаралатындығын айтып, заң аясында жұмыс атқаруды талап етті.

Хабарландыру

Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылдың 19 қыркүйектегі №56 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын тұрақтандыру тетіктерін жүзеге асыру» Қағидасының ІІ-ші параграфына сәйкес, «Байқоыр (Байқоыр)» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы өңірлік азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қоры бойынша мамандандырылған ұйымы ретінде, нарықтағы кәсіпкерлік субъектілерін І сорты ұн, күнбағыс майы, тауық еті, қант, қарақұмық жармасы және тауық жұмыртқасына заңи рәсімдеуге шақырады.

Займ алу үшін өтініш беру 20.11.2020 жылға дейін жүргізіледі.

Займ талаптары бойынша жалпы ақпаратты office_srk@mail.ru ресми сайты және 8-(7242)-70-15-44 байланыс телефоны арқылы алуға болады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Г.Мұратбаев көшесі, №4.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

КІТАП пен ОҚЫРМАН АРАСЫ

Өркениет жолындағы адамзат қоғамының болашағы, адамның тұталық қасиеттері, рухани жанданып өсіп-өркендеуінің бірден-бір негізі – кітап.

Кітап оқудың ұлт болашағы үшін маңызы зор екені айтпаса да түсінікті жайт. Максим Горькийдің: «Мен бойымдағы барлық жақсылығым үшін кітапқа қарыздармын» деген сөзі бар. Бүгінгі қазақ қоғамында кітапқа қарыз жандар бар ма екен?

Осы орайда, күні кеше індет жайлаған тұста қараша халықтың көңілін аулап, ойын сергіту мақсатында кітапханашылар онлайн қызмет түріне де көшкен болатын.

Мәселен, қаламыздағы 70 жылдық та-

рихы бар А.Пушкин атындағы орталық кітапханада Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай «Абайды білмек керек ойлы жасқа», «Ұлы халықтың ұлы ақыны» атты мерекелік іс-шаралар қолға алынды. «Абайдың қара сөздері» атты онлайн шара, кітаптың рухани азық екендігін түсінген адамның санасына серпіліс болар деген үмітпен «Facebook», «Instagram» әлеуметтік желілерінде «Сүйікті кітаппен селфи» атты онлайн сайыс, «Жергілікті ақын-жазушылардың оқырмандарға айтары бар...» атты қоғам белсенділерімен онлайн сұхбат, жаны ізгілікке толы жас ақын Айдар Сайлауовпен «Қаламың ұшталсын, жас қаламгер!» атты онлайн сұхбат өткізілді. Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне орай виртуалды кітап көрмесімен таныстыру, ел ішіндегі түрлі ұлт пен дін өкілдерінің

бір-біріне деген сый-құрметін арттырып, татулықты, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау мақсатында «Қазақстаным – қасиетті мекенім» атты өзге ұлт өкілдерімен онлайн сұхбат жүргізілді. «Өнер өрілдігі өр тұлға» атты қазақ балысның королі Ш.Қалдаяқовтың шығармашылығына онлайн шолу ұйымдастырылды. Сондай-ақ, басқа да көптеген онлайн іс-шаралар өткізіліп, оқырман қауымға кеңінен насихатталды. Сонымен бірге, кітапханада жыл бойына «Қала бойынша серуендеу», «Кітапхана сіздерге жол тартты» атты желілік онлайн жобалар жүргізілуде.

Мұндай шаралардың кітап пен оқырман арасын жақындата түскені анық.

Жазира АЛТЫНБАЙҚЫЗЫ,
кітапханашы

Хабарландыру

Қызылорда облысы Мемлекеттік кірістер департаменті 2020 жылдың 31 желтоқсанында жеке тұлғалар үшін көлік құралдарына салық төлеу мерзімі аяқталатынын еске салады.

Меншік құқығында көлік құралдары бар жеке тұлғалар көлік құралдары салығын төлеушілер болып табылады. Салық төлеуші әрбір көлік құралы үшін салық мөлшерлемесі бойынша салық сомасын салықтық кезеңіне сәйкес өз бетінше есептеуге және төлеуге міндетті. ҚР тіркелген немесе есепте тұрған тіркемелерді қоспаған жағдайда, салық салу объектісі көлік құралдары болып табылады.

Оларға:

- жеңіл автомобильдер;
- жүк машиналары;
- арнайы автомобильдер;
- автобустар;
- теміржол көлігі;
- шағын өзен және теңіз кемелері;
- әуе көлігі және басқа да ұшу аппараттары;
- пневматикалық немесе шынжыр табанды жүргізілетін өндіріс жүретін машиналар мен механизмдер, дөңгелекті тракторлар және жалпы пайдаланымдағы автоматистралар бойынша қозғалыс үшін арналмаған өзге де механизмдер.

Салық сомасын Мемлекеттік кірістер комитетінің www.kgd.gov.kz интернет-ресурсында іске асырылған калькулятордың көмегімен есептеуге болады. Сондай-ақ, «E-Salyq» мобильдік қосымшасының көмегімен «көлік құралдарына салынатын салықты есептеу» бөлімінде онлайн-режимде салынатын салық сомасын алуға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, осы қосымшада салық салу объектілері бойынша деректерді түзету сервисі, сондай-ақ «салық әмияны» төлеу сервисі (салықты төлеу тұрғылықты жері бойынша жүргізіледі) іске асырылған. Сонымен қатар, жыл соңына дейін қазақстандықтарда жеке тұлғалар үшін өсімпұлдарды есептен шығару бойынша салықтық рақымшылық бағдарламасын пайдалану мүмкіндігі бар, оның жалғыз шарты салықтар бойынша негізгі борышты төлеу болып табылады.

Қызылорда облысы
Мемлекеттік кірістер
департаменті



Абайдың әжесі

Абайдың әжесі Зере туралы көптен бері ойланıp жүрмін. Әже туралы талай кітапты ақтаруға тура келді. Поляктың демократ-революционері А.Янушкович өз жазбаларында Құнанбай туралы мол мұра қалдырған. «Барлық байлар Құнанбайдың кебісін кигізуге жарамайды» деп бағалағаны қайран қалдырады. Бұл ойларды «Егемен Қазақстан» газетіндегі «Зере әже» атты дүниесінде профессор С.Қорабай нанымды өрнектеген.

Басқа ұлтты қайдам, «қалып – анадан туады» дейді тек қазақ. Тұлпарды тұяғынан танытын да қазақ. Қазақ ырымшыл. Сол ырымы шындықпен жалғасып келеді. Болар баланы жөргегінен байқайтын біздің бабаларымыз, аналарымыз туралы аңыз жетерлік. Зере әжеміздің келін болып түскендегі аты Токбала болыпты. Жас келін мұрнына алтын шығыршық әшекей зері тағып жүргендіктен, қайын жұрты оны Зере атап кеткен көрінеді.

Болжампаз Зере әжеміз немерелері ішінде Абайды жақсы көріп, оны жастайынан өлең-жырға шыңдаған. Құнанбай қажы 1853 жылы Жидебайдың терістік шығысындағы Найзатас деген жерден мектеп ашып, оған Абайды оқуға берген. Зере әжеміз киіз үйде оқыған балаларға жана-шырлық танытып, Құнанбайға айтып, үш бөлмелі мектеп үйін салдырған. Оның бір бөлмесінде Зере әжеміз тұрған деседі. Балаларға түгелдей қамқоршы болған, немересінің бөлек тамақтануын ерсі көріп, оқитын балаларға түгелдей дастархан жайып отыратыны әлі күнге аңыз-жыр. Бұл жылдар Мұхтар Әуезовтің «Абай жолындағы» «Қайтқанда» тарауынан айқын сезіледі.

Атақты батыр Бауыржан Момышұлы сұрапыл соғыс жылдарында «Абай» романын оқығаннан кейінгі әсерін молдіретіп жазып кеткен. «Зере мен Ұлжан – тек Абайдың ғана емес, барлық халықтың анасы. Елінің мұнын мұндап, жирын жырлаған аналар болып қала береді» деп тәпті болған.

Алыстан ескерткіш көрінеді. Жұрт тағзым етеді. Ол – Қибағату маңындағы Зере әже мен Абай ескерткіші. «Құнанбай» фильміндегі Зере әже ролін тамаша сомдаған, Мемлекеттік сыйлыққа ие болған Нұрсилағ Салықова былай деп тебіренген-ді: «Пенде болған соң адам басына әртүрлі тағдырлар жазыларды белгілі. Қысылған, қиналған сәттерінде осы Зере ананың басына келіп, ес жинап, зерек болып есейіндер, қарақтарым!» деген тілегіне бас имей болмайды.

Аға сұлтанның шешімін Зере ана ғана бұзатын болған. Көбіне ісі түскен адамдар алдымен Зере анаға жолығатынын деректер одан әрі дәлелдей түседі. Бірде Зере ана түс көрсек керек. Түсінде ері Оскеңбай алтын сақаны үйіріп отырған көрінеді. Ана сол алтын сақа Құнанбай деп жориды. Ал Құнанбайдан ұлы Абай дүние есігін ашқан.

Біздің көбіміз әже бауырында өстік. Мен әжем Рабига Бәйтенқызының тұңғыш немересі едім. Әжем 87 жасында 1951 жылы дүниеден өтті. Қостанайдың «Жыланшық» деген жерінде тұғаным деп отыратын. Өлең-жырды жатқа айтатын, суырпысалма ақындығына қайран қалатынбыз. Көп өлеңдері есімде. Сәті түскенде жинақтау ойымда жүр. Зере сынды әжелер ойға оралған сәтте мен де толғанысқа түстім. Бұған не қосарың бар, оқырман?!

Қайыр ҚОРАСАНИ

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда жолдары» ЖШС Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасын бекіту» туралы 2020 жылғы 27 наурыздағы №55-ө өкіміне сәйкес, Қызылорда облысында орташа жол жөндеу жұмысына жол жұмысшылары қажет екенін хабарлайды. Байланыс телефондары: 8-778-786-11-88, 8-771-421-11-33.

Шығыс пен Батыс ғылымының көпірі



Қызылорда «Болашақ» университетінде «Болашақ» ғылыми-зерттеу институты мен «Жалпы білім беру және құқық» кафедрасы жанындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси зерттеулер орталығының ұйымдастыруымен «Шығыс пен Батыс ғылымының көпірі – әл Фараби мұрасы» тақырыбында республикалық «дөңгелек үстел» онлайн форматта өтті. Оған оқу орнының профессор-оқытушылары, студенттері қатысты.

Әл Фараби орталығының директоры Бекжан Мейірбаев «Қазіргі Қазақстандағы фарабитану

мәселелері» тақырыбы бойынша сөз қозғап, ғылым саласының дамуына мән берді. Орталықтың негіз-

гі міндеттеріне тоқталды. Философия ғылымдарының кандидаты, әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры жүзеге асырып жатқан аударма еңбектердің ғылыми редакторы Әсет Құранбек «Фарабитану және қазақ қоғамының рухани жаңғыруы» тақырыбында баяндама жасады. Ғалым Қазақстандағы фарабитанудың мәселелері мен міндеттеріне тоқталып, өз ойларын қоғамдағы руха-

ни жаңғырумен байланыстырды.

Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Түркістан облысы бойынша филиалының директоры Жанат Момынқұлов ойшылдың көзқарастары негізіндегі философиялық пікірлері мен діни дүниетанымының байланысын талдады.

«Дөңгелек үстелге» Ақтөбе, Түркістан, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеттерінің ғалымдары да қатысты. Соңында пікірталас өрбіп, сұрақ-жауапқа кезек берілді.

«СБ» ақпарат

Жаратушының жалғыз көркемі

Бірде бай-қуатты мұсылман емес бір ғалымнан «Аңсаған арманыңыз бар ма?» деп сұрағанда, «Мұхаммед пайғамбарды көргім келеді» дегенді айтыпты.

Адамзат арманының ұлысына айналған Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымызды келемеждеген кешегі Франция елінің шиймай-шатпағы әлем мұсылмандарының ызаасын келтіргені хақ. Ал, мен үшін жаманнан үлгі алу яғни сол бір арысздық Оған (с.ғ.с.) деген сүйіспеншілігімізді арттырды. Жаратушым жібітті ме, хабарды көрген сәтте, көзге еріксіз жас келді. Ер адамға көз жасын сығу сырт көзге ерсі, алайда әр адам өзінше бір бала. Десек те, Алладан уахи (хабар) алған, Оның өмірін мүлтіксіз орындаған, періштелермен дос болған, жеті қат Мигражға көтерілген, дүниелер әлемін кезген, тылсым әлемді сезген, қасиетті Құранды жүзіне қарамай оқыған осы бір ғана жалғыз адам.

Жаратушымызды танытқан, сәждемен қауыштырған, ғибадатқа шақырған, құлшылықты үйреткен, біздер шырғт ұйқыда болғанда, Ол (с.ғ.с.) таңға дейін намаз оқыған, Алладан біздер үшін кешірім сұрап өткен осы бір ғана жалғыз адам. Жаманды дос, залымды туыс, жауын жақын еткен, тас лақтырғанға да үндемеген, жуынды төккенге де күлімдеген, көкірегінен итергенге де, өзін жек көргенге де нұрлы жүзімен қараған осы бір жалғыз ғана адам. Кешіріммен қараған, игілікке ұмтылған, жақсылықты таратқан, жамандықтан тыйған, жетімді арқалаған, жесірді жылат-

паған, жалғыздың серігі, адасқанның бағыты, көршісін тояттандырған осы бір жалғыз ғана адам.

Мінезі Құран, өмірі тәлім, жүрісі жұмсақ, тұрмысы қарапайым, жүрегі сабыр, көңілі жайсаң, рухы тақуа, жаны жомарт, «Үмметім, үмметім, үмметім» деп, ақырғы демін бізге арнаған осы бір жалғыз адам. «Осы бір жалғыз ғана адаммен» қауышу мұсылмандар үшін теңдессіз бақыт. Оның ұлылығын жеткізу, бейнесін толыққанды суреттеу ешбір тірі пенденің қолынан келмейді. Оны (с.ғ.с.) қорлағысы келгендер қияметте Оның (с.ғ.с.) әзіз жүзін көргенде қандай өкініште болар екен? «Осы бір жалғыз ғана адам» үшін, жанның бір тамшыны сығымдамау мұсылман ар-намысына қаншалықты сыйымды? Оны келемеждеу – Алланы келекелеу. Жаратқанның күлкі ету – өз ата-баба сенімін мазак етуден бетер, өткенге опасыздық жасау. Өр нәрсенің қайырымы болады, кешегі жекеұрындық – қияметтегі зор өкініш. Пайғамбарды сүю – зомбылыққа бару емес. Шіркеулерді қирату, көшеде тобырмен айқайлау, елді дүрліктіру пайғамбарға құрмет емес, керісінше (с.ғ.с.) Оның жолын ұстану – Оған (с.ғ.с.) деген махаббат! Себебі, Ол (с.ғ.с.) Жаратушымыздың жалғыз Көркемі!

Нұрлан БАЙЖІГІТҰЛЫ, дінтанушы, имам

Қазалыда сауда орталығы өртенді

Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде сауда орталығы өртенді. Өрт 15 қарашада «Ару-Илия» сауда орталығында болды. Оқиға орнына бөлімнің 2 өрт сөндіру автокөлігі және 15 жеке құрамы жетіп, дереу іске кірісіп кетті. Соның нәтижесінде өрт 11 сағат 58 минутта толығымен сөндірілді. Қаза болғандар мен зардап шеккендер жоқ.

Жалынның жоғары қабақтағы және өзге де butikтерге жайылу қаупі туындаған. Өрт сөндірушілердің жедел іс-әрекетінің арқасында қауіп сейілді. Өрттің шығу себебі электр сымдарының қысқаша тұйықталуынан орын алған деген болжам бар. Қазір тілсіз жаудан келген шығынның көлемі анықталуда.

«СБ» ақпарат

Қоршауға соғып, жарақат алды

Қызылорда қаласында жол жиегіндегі қоршауды соққан көлік жүргізушісі аурухананың жансақтау бөліміне жатқызылды.

Оқиға Қызылорда қаласы аумағындағы әуежайға баратын тас жол бойында болды. «Audi 100» көлігінің 27 жастағы жүргізушісі көлікті басқара алмай қалған.

«Соның салдарынан көлік жол жиегіндегі темір қоршауды соққан. Көлік жүргізушісі облыстық медицина орталығының жансақтау бөліміне жатқызылды» деп мәлім етті облыстық Полиция департаменті.

«СБ» ақпарат



SERGEK

Ұлттық құрама ұтылды

UEFA Ұлттар лигасындағы бесінші турда Қазақстан құрамасы сырт алаңда Албаниядан жеңіліп қалды.

Естеріңізге сала кетелік, екі құрама С лигасы төртінші тобында сынға түседі. Олардан өзге Беларусь және Литва құрамалары бар.

Кездесуде албаниялық футболшылар өздеріне сенімді ойын көрсетті. Нәтижесінде 16-минутта Сокол Чикапеші есеп ашты. Ал 23-минутта Ардиан Исмаили есепті үстемелей түсті. Бұдан кейін қызық жағдай орын алды. Ойынды алаң ортасынан бастаған Айбол Обікен допты қарсыластар қақпасына әуелете тепті. Оған албаниялық қақпашы Эгрит Беринша қауқар көрсете алған жоқ.

Екінші кезеңде қазақстандық футболшылар таразы басын теңестіруге ұмтылды. Дегенмен, өз айып алаңында ереже бұзып, Стас Покатилов қақпасына пенальти белгіленді. Оны Рею Манай мұлт жіберген жоқ. Осылайша қазақстандық футболшылар қарсыласынан 1:3 есебімен жеңіліп қалды. Аталған топтағы Беларусь өз алаңында Литваны 2:0 есебімен жеңді.

Бес турдан кейін 10 ұпаймен Беларусь көш бастап тұр. Одан кейінгі орындағы Албанияның 8, Литваның 5 ұпайы бар. Төртінші орындағы Қазақстан енішінде 4 ұпай жазылған.

Енді Қазақстан құрамасы 18 қарашада өз алаңында Литваны қабылдайды. Екеуі алдағы уақытта D лигасына түсетін соңғы орындағы құраманы анықтайды.

Түлектер бітіріп шықты

«Қайсар» футбол орталығында тәлім алатын 2002 жылғы жастар орталықты тәмамдады. Клуб директоры Серік Досманбетов шараға арнайы қатысып, түлектерге сәттілік тіледі.



– Футбол орталығында барлығы 11 топ бар. Алаңда жақсы ойын көрсетіп, жақсы нәтижеге қол жеткізуге қолайлы жағдай жасалды. Енді алда үлкен мақсат тұр. Біз барлығына бірдей көзқараспен қарап, үлкен футболда кәсіби ойыншы болуға мүмкіндік жасаймыз. Қаңтар айында өздерінді «Қайсар U-21» командасының оқу-жаттығу жиынына шақырамыз, – деді клуб директоры.

Шара соңында түлектерге футбол орталығын бітіргенін растайтын диплом мен естелік сыйлық табысталды.

«СБ» ақпарат

ТУРНИР

Тақта үстіндегі тартыс

Жарық дүниені көрмесе де, он екі мүшесі сау адамнан қабілеті кем түспейтін жандар бар. Ертай Әбимолда дойбы ойнағанда төңірегін түгел көріп отырған адамды да кейде шаң қаптырып, жеңімпаз атанатын. 13 қараша – Халықаралық зағиптар күніне орай қалалық соқырлар қоғамында Ертай Әбимолда атындағы дойбыдан ашық турнир өткізілді.

Санитарлық талаптарды сақтай отырып, өткізілген ақыл-ой жарысына 30-ға жуық адам қатысты. Қору мүмкіндігі шектеулі жандар бір-бірімен кездесіп, ойын барысында ой бөлісті.

– Дойбыда жеңіске жету үшін ақылыңа жүгінесің, ал зағип жандар санадан бөлек, саусақпен сезу арқылы ойнауға дағдыланған. Олар бір сәтке болса да ойын бөліп, бар назарын дойбыға аударды. Қалалық соқырлар қоғамында 2005 жылдан бері тіркеуде тұрамын. 2011 жылы Ертай ағаның бастамасымен қору мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дойбы федерациясы ашылған болатын. Бізге өзі ойын тактикасын үйрететін. Аға өмірден өткеннен кейін де бас қосып, дойбы ойнауды дәстүрге айналдырдық, – деді Айнұр Бекжанова.

«СБ» ақпарат